

Ақмола облысы Жақсы ауданы Қызылсай ауылдық округінің Кировское ауылындағы кейбір құрамдас бөліктерді қайта атау туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы Қызылсай ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 20 қазандағы № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қазанда № 30290 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2022 жылғы 23 маусымдағы қорытындысы негізінде және Кировское ауылы халқының пікірін ескере отырып, **ШЕШТІМ:**

1. Ақмола облысы Жақсы ауданы Қызылсай ауылдық округінің Кировское ауылындағы келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

Маяковский көшесі Достық көшесіне;

Целинная көшесі Атамекен көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылсай ауылдық
округінің әкімі*

С.Ахметов